

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Министерство здравоохранения Республики Казахстан	
Мемлекеттік органның атауы Наименование государственного органа «Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Түркістан облысы санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің Сарыағаш аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесі Республиканское государственное учреждение «Сарыағашское районное Управление санитарно-эпидемиологического контроля Департамента санитарно-эпидемиологического контроля Туркестанской области Комитета санитарно-эпидемиологического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан»	

**Санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды
Санитарно-эпидемиологическое заключение**

№ KZ22VWF00501446

Дата: 27.01.2026 ж. (г.)

1. Санитариялық-эпидемиологиялық сараптау (Санитарно-эпидемиологическая экспертиза)

Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Жемісті ауыл округі, Жемісті елді мекені, Т.Төлендіұлы көшесі №138 құр мекен – жайда орналасқан ЖШС «Күмісай Тасболатова» атындағы зияткерлік білім беру мектебі қосымша ғимараты

(2020 жылғы 07 шілдедегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодекстың 20-бабына сәйкес санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізілетін объектінің толық атауы) (полное наименование объекта санитарно-эпидемиологической экспертизы, в соответствии со статьей 20 Кодекса Республики Казахстан от 07 июля 2020 года «О здоровье народа и системе здравоохранения»)

Жүргізілді (Проведена) **Заявление от 18.01.2026 22:45:56 № KZ48RYS01551216**

өтініш, ұйғарым, қаулы бойынша, жоспарлы және басқа да түрде (күні, нөмірі)
по обращению, предписанию, постановлению, плановая и другие (дата, номер)

2. Тапсырыс (өтініш) беруші (Заказчик)(заявитель) **«Күмісай Тасболатова» атындағы зияткерлік білім беру мектебі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, «Күмісай Тасболатова» атындағы зияткерлік білім беру мектебі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Жемісті ауыл округі, Жемісті елді мекені, Т.Төлендіұлы көшесі №138 құр, Басшысы Тасболатова Жамила Ильясовна, байланыс телефоны 8702 067 53 04.**

Шаруашылық жүргізуші субъектінің толық атауы (тиселігі), объектінің мекен жайы/орналасқан орны, телефоны, басшысының тегі, аты, әкесінің аты (полное наименование хозяйствующего субъекта (принадлежность), адрес/месторасположение объекта, телефон, Фамилия, имя, отчество руководителя)

3. Санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізілетін объектінің қолданылу аумағы (Область применения объекта санитарно-эпидемиологической экспертизы)

Білім беру; Негізгі және жалпы орта білім беру; Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Жемісті ауыл округі, Жемісті елді мекені, Т.Төлендіұлы көшесі №138 құр мекен – жайда орналасқан ЖШС «Күмісай Тасболатова» атындағы зияткерлік білім беру мектебі»

сала, қайраткерлік ортасы, орналасқан орны, мекенжайы (сфера, вид деятельности, месторасположение, адрес) **Білім беру және тәрбиелеу объектілері, білім алушылар мен тәрбиеленушілер тұратын орындар**

4. Жобалар, материал әзірленді (дайындалды) (Проекты, материалы разработаны (подготовлены) **қажет емес**

5. Ұсынылған құжаттар (Представленные документы) **Өтініш 18.01.2026ж №KZ48RYS01551216, зертханалық – аспаптық зерттеу хаттамалары, жылжымайтын мүлік объектісінің кадастрлық паспорты**

6. Өнімнің үлгілері ұсынылды (Представлены образцы продукции) **қажет емес**

7. Басқа ұйымдардың сараптама қорытындысы (егер болса) (Экспертное заключение других организации (если имеются) **қажет емес**

Қорытынды берген ұйымның атауы (наименование организации выдавшей заключение)

8. Сараптама жүргізілетін объектінің толық санитариялық-гигиеналық сипаттамасы мен оған берілетін баға (қызметке, үрдіске, жағдайға, технологияға, өндіріске, өнімге) (Полная санитарно-гигиеническая характеристика и



оценка объекта экспертизы (услуг, процессов, условий, технологий, производств, продукции)

ЖШС «Күмісай Тасболатова» атындағы зияткерлік білім беру мектебі» заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу туралы анықтамасы 16 тамыз 2021 жылы тіркелген. БСН: 210840018084. Заңды тұлғаның тіркелген мекен жайы Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Жемісті ауыл округі, Жемісті елді мекені, Т.Төлендіұлы көшесі №138, Басшысы Тасболатова Жамила Илясовна, байланыс телефоны 8702 067 53 04. Қосымша мектеп ғимараты пайдалануға жаңадан 2025 жылы берілген. Нысанға заңнамаға сәйкес рұқсат беру құжаттары бұрын берілмеген.

ЖШС «Күмісай Тасболатова» атындағы зияткерлік білім беру мектебі» қосымша ғимараты Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Жемісті ауыл округі, Жемісті елді мекені, Т.Төлендіұлы көшесі № 138 құр мекен - жайда орналасқан. Жалпы алаңы 4539,2 шаршы метр. Мектеп ыңғайластырылған жобамен салынған үш қабатты 1 ғимараттан, 2 қабатты 1 ғимаратта орналасқан. Ғимараттың фундаменті бетон, қабырғалары және қалқалары күдірілген блог, дәліз бөлімдері күдірілген блог, төбе жабындысы - профнастил. Аумағы барлық периметрі бойынша 1,8м биіктікте батыс жағы теміртормен (решетка), шығыс, оңтүстік, солтүстік жағы шлакоблогпен қоршалған, қоршауы зақымдалмаған. Мектептің жер учаскесіне кіру жолдары, көлікпен өту жолдары, шаруашылық құрылыстарға, қоқыс жинағыштарға арналған алаңдарға, апаратын жолдары бетондалған, бетон плиткалар төселген, көгалдандыру жұмыстары жүргізілген. Жаңбыр және еріген суды бұруға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар сақталынған, жиналған суды ағызып жіберетін бетонды арық, суағар қарастырылған. Мектептің аумағында мектеп қызметімен байланысы жоқ объектілер орналаспаған. Мектептің басты ғимаратына 09.08.2022жылы №Х.08.Х.КЗ32VWF00072623 санды рұқсат беру құжаты берілген. Мектептің ауыз суы қаланың орталықтандырылған елді мекеннің су жүйесіне қосылып ғимарат ішіне кіргізілген. Мектептің ауыз суы нормалау құжаттарының белгіленген талаптарына сәйкес қауіпсіз және сапалы ауыз сумен қамтамасыз етілген. Су беру болмай қалған уақыттарда су қорын сақтауға арнайы таңбаланған көлемі 8 тонналық 1 дана су сақтауға арналған арнайы сыйымдылық қарастырылған. Су қорына арналған сыйымдылықтың конструкциясы су қауіпсіздігін жеткілікті мөлшерде қамтамасыз етеді. Сыйымдылықтар таңбаланған (ауыз су), олар апта сайын (және қажеттілігіне қарай) жуу және дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып тазартады және дезинфекцияланады. Ыстық су үшін "Аристон" су қыздырғышы орнатылған, ыстық су тұрақты үздіксіз беріледі. Сурет салуға және жабыстыруға, өсімдіктермен жұмыс істеуге арналған үй-жайлар, шеберханалар, медициналық кабинет үй-жайлары, ас блогының өндірістік үй-жайлары, ыстық және суық су өткізілген раковиналармен, қол жууға және кептіруге арналған құралдармен жабдықталынған. Ауыз су және ыстық су ақаусыз. Сарқынды суларды, оның ішінде санитариялық торап құрылысының сарқынды суын қабылдауды объекті аумағының шаруашылық аймағында орналасқан, гидравликалық бекітпесі бар қақпақтармен (сифондар) жарақталған бөлек жерасты су өткізбейтін сыйымдылықтарда (жергілікті септикке) жүзеге асырады. Сарқынды суды ашық су айдындарына және іргелес аумаққа, сондай-ақ сусіңіргіш құдықтар құрылысына ағызуға жол берілмеген. Мектеп ғимаратын жеке автономдық қазандық газ арқылы жылытады. Мектеп ғимараты жылы едендермен қамтылған. Жылыту жүйелерінің санитариялық-техникалық жағдайлары қанағаттанарлықты, ақаусыз. Мектеп ғимаратының үй-жайлары табиғи және жасанды жарықтандырылған, жарықтандырылуы мемлекеттік нормативтерге сәйкестендірілген. Жасанды жарықтандыру үшін люминесцентті диодты және энергия үнемдеуші шамдарды пайдаланған. Ортақ жасанды жарықтандыру барлық үй-жайларда көзделінген. Оқу үй-жайларындағы жиһаз сол жақ бүйірден табиғи жарықтандыру қамтамасыз етіліп, орнатылған. Негізгі жарық ағынының білім алушылар мен тәрбиеленушілердің алдынан және арт жағынан түсуіне жол берілмеген. Объектінің аумағында сыртқы жасанды жарықтандыруы бар. Барлық оқу үй-жайларының жарық түсетін ойықтарды реттелетін күннен қорғайтын жалюздермен жабдықтаған. Оқу үй-жайларында терезенің әйнектерін бояуға жол берілмеген. Терезелердің әйнектелуі бүтін шыны төсемінен орындалған. Жасанды жарықтандыруға үй-жайда бір үлгідегі шамдарды қолданған, шамдар беті плафондармен қапталған. Жарық деңгейлері нормативтік көрсеткіштерге және құжаттарға сай, жарық жүйелері ақаусыз. Үй жайларда ауа механикалық желдету жүйесімен қамтамасыз етіледі. Спорт зал мен асхана үй-жайларындағы механикалық желдету жүйелерінен шығарылады. Табиғи желдету есік, терезе арқылы және механикалық іске қосылатын сору-сыртқа тарту желдеткіш жүйелерімен жабдықталынған. Ауа өткізгіштер, торлар, желдеткіш камералары таза, механикалық зақымдалмаған, тотығу іздері, герметикалық бұзылуы жоқ. Терезелерде, желдету үшін ашылатын желкөздерде, фрамугаларда москит торлары орнатылған. Желдету жүйелерінің санитариялық-техникалық жағдайлары ақаусыз.

Д корпусының: мектеп ғимаратының бірінші қабатында: дәліз - 4,4 ш.м, 29,5 ш.м, 21,2 ш.м, акт залы 127,4ш.м, кіші спорт зал 170 ш.м, жуу мүккәмалдарын сақтау орны - 2,7ш.м, бассейн залы - 327,6 ш.м, ұлдар киім ауыстыру бөлмесі - 17,9 ш.м, себезгі бөлмелері - 1,6 ш.м, 1,6 ш.м, санитариялық торап - 1,6ш.м, қыздар киім ауыстыру бөлмесі - 15,6 ш.м, себезгі бөлмелері - 1,6 ш.м, 1,6 ш.м, санитариялық торап - 1,6ш.м, екінші қабатта: бірінші оқу кабинеті - 44,8 ш.м, екінші оқу кабинеті - 53,7 ш.м, үшінші оқу кабинеті - 42,8 ш.м, төртінші оқу кабинеті - 42,8 ш.м, бесінші оқу кабинеті - 42 ш.м, алтыншы оқу кабинеті - 43,2 ш.м, ұлдарға арналған санитарлық торап - 9,6 ш.м, қыздарға арналған санитарлық торап - 16,8 ш.м, дәліз - 81,9 ш.м. қосалқы кабинет - 9,6 ш.м, жуу мүккәмалдарын сақтау орны - 2,6 ш.м, үшінші



қабатта: бірінші оқу кабинеті - 44,8 ш.м, екінші оқу кабинеті - 53,7 ш.м, үшінші оқу кабинеті - 42,8 ш.м, төртінші оқу кабинеті - 42,8 ш.м, бесінші оқу кабинеті - 42 ш.м, алтыншы оқу кабинеті - 43,2 ш.м, ұлдарға арналған санитарлық торап - 9,6 ш.м, қыздарға арналған санитарлық торап - 16,8 ш.м, дәліз - 81,9 ш.м. қосалқы кабинет - 9,6 ш.м, жуу мүккәмалдарын сақтау орны - 2,6ш.м.

Қосымша мектеп ғимаратының сыйымдылығы 210 (екі жүз он) орынға арналған, екі ауысымда оқиды. Оқу сыныптарының ауданы бір білім алушыға шаққанда 2,5 шаршы метрден келеді. Сыныптарға арналған кабинеттер шкафтар блоктарымен, тақтамен, интерактивті тақтамен, мұғалімдер үстелімен, ыстық және суық сумен жабдықталған раковинамен, оқушылар үстелдерімен жабдықталған. Сынып бөлмелерін жиһаздар мен жабдықтары білім алушыларға сәйкестендірілген. Оқу бөлмелерінің едендеріне ылғалды тәсілмен өңдеуге және дезинфекциялауға жол берілетіндей линолеумдер төселінген, коридорлар едені кафельдеген, сынып бөлмелерінің қабырғалары әр пәнге сәйкестендіріліп әрленген, сырланған, дәліздерде қабырғалар 1,6 метр майлы бояумен сырланған. Барлық үй-жайлардағы еденнің беті тегіс, күңгірт, саңылаусыз, ақаусыз және механикалық зақымданбаған. Ауаның температурасын бақылау үшін оқу үй-жайларында термометрлер орнатылған. Мектептің оқу кабинеттері оқу үстелдерімен, арқалығы бар орындықтармен жабдықталған. Мектеп ғимаратының екінші қабаттағы ішкі санитариялық тораптар құрылғылары орнатылған орындармен жабдықталынған, қыздарға арналған санитариялық тораптарда 3 қолжуғыш, 5 унитаз, ұлдарға арналған санитариялық тораптарда 3 қолжуғыш, 4 унитаз, 2 писсуар. үшінші қабатында қыздарға арналған санитариялық тораптарда 3 қолжуғыш, 5 унитаз, ұлдарға арналған санитариялық тораптарда 3 қолжуғыш, 4 унитаз, 2 писсуар орнатылған. Санитариялық тораптарда унитаздар жабық кабиналарда орналастырылған. Қолды жууға және кептіруге арналған құралдар, қағаз сүрткіштер, антисептиктер, санитайзерлер, қоқыс жинауға арналған қоқыс салғыштар қойылған. Ылғалды режиммен жұмыс жасайтын ішкі жылы санитариялық тораптардың қабырғаларына 1,8м биіктікте кафель жапсырылған, едені кафельденген, тегіс, саңылаусыз ақауы жоқ. Жинау мүккәмалдары (шелектер, шеткалар, шүберектер) таңбаланған және оларды жекеленген үй-жайларға бекітіліп, арнайы орын бөлінген.

Бассейннің ұзындығы 20 метр, ені 8 метрдің, тереңдігі 1,5 метрдің құрайды. Едені, қабырғалары кафельденген. Еденнің беті сырғымайтын материалдардан, тегіс, су ағынын қамтамасыз ете отырып, жинауға ыңғайлы болып көзделген. Табиғи және жасанды жарық көздерімен қамтылған. Оқу ғимаратынан бөлек механикалық желдету жүйесімен, жылы едендермен қамтылған.

В корпусының бірінші қабатында асхана орналасқан, асхана 120 орынға арналған. 12-стол 120 орындық қойылған, тамақтану залымен қол жуу орнының ауданы - 216,7 шаршы метр, қойма - 81 ш.м, ас дайындау, ыдыс жуу орны - 42,1 ш.м, қызметкерлер бөлмесі - 11,3 ш.м, тамақтану залы, ас дайындау, ыдыс жуу, азық-түлік сақтайтын қойма, қызметкерлер бөлмесі, жылы санитариялық торап қарастырылған. Асхананың тамақтану залының қабырғасы майлы бояумен боялған, еденіне кафельденген. Асхана қабырғалары, арақабырғалары күн сайын ылғалды жинау жүргізуге мүмкіндік беретін жуу және дезинфекциялау құралдарымен өңдеуге төзімді, су өткізбейтін материалдардан, яғни қабырғаларына 1,8м биіктікте майлы бояумен сырланған, ас блоктарының едендеріне кафель төселінген. Асхананың үй-жайларының ішкі әрлеу улы емес әрлеу материалдарын пайдалана отырып, зақымдалмай жүргізілген. Қабырғалар мен арақабырғалардың беті технологиялық операция жүзеге асырылатын шектегі деңгейге дейін барлық биіктік бойынша тегі орындалған. Еденнің беті сырғымайтын материалдардан, тегіс, су ағынын қамтамасыз ете отырып, жинауға ыңғайлы болып көзделген. Терезелері тұтастықты бұзбай, жәндіктерден алынатын жуылатын қорғаныш торларын орнату мүмкіндігімен оларды жуу қамтамасыз ететін конструкциямен пайдаланылған. Есіктердің беті тегіс, су және ылғалды сіңірмейтін, жуылатын материалдан көзделінген. Асхана есіктері өндірістік үй-жайдан сыртқа қарай ашу көзделінген. Тамақ дайындайтын орындарда жуу, дефростер, еден еңісі бар төгу траптарымен жабдықталған. Асханада ылғалды процестері бар үй-жайлардағы технологиялық жабдықтың үстінде төбелер немесе төбелер болмаған кезде төбелердің ішкі беттері мен конструкциялар ластың жиналуын, зерттің пайда болуын және төбелер немесе осындай беттер мен конструкциялар бөлшектерінің төгілуін болдырмауды, сондай-ақ ылғалдың конденсациясын азайтуға жәрдемдесуді қамтамасыз ете отырып орындалған. Жуу ыдыстары мен жуу ванналарының жұмыс беттері үшін оларды жууды, тазартуды және дезинфекциялауды қамтамасыз ететін, тотығуға ұшырамайтын, түрлі реңдегі дақтарсыз, зақымдануларсыз, кедір-бұдырсыз, сіңірмейтін материалдардан жасалған, герметикалық, дайындаушының нұсқаулығына сәйкес пайдаланылатын, тамақ өнімдерімен (тот баспайтын болаттан жасалған) жанасуға арналған материалдар пайдаланылады. Ыдыс жууға арналған орын қарастырылған. Пайдаланылған ыдыстарды қабылдауға және таза ыдыстардың қарама-қарсы ағымы сақталған. Ыдыс-аяқты жуу орнында ыдыстарды қолмен жууға асхана ыдыстарына арналған үш секциялы раковинамен жабдықталған. Жуылған таза ыдыстарды тор көзді сөрелерде, стеллаждарда кептіреді. Асханаға кіре берісте жеке бас гигиенасын сақтау үшін қол жууға ыстық және салқын су (үздіксіз жұмыс істейтін су жылытқыштар) араластырғыштары орнатылған 8-раковина орналасқан, антисептик, сұйық сабынмен, біррет қолданылатын сүлгі қорымен қамтамасыз етілген. Асхана қажетті құрал жабдықтармен толық жабдықталынған, таңбаланған. Өндірістік үстелдердің жұмыс беттерінің бір бірімен жанасуына жол берілмеген. Азық-түлік (тамақ) шикізатын және дайын тамақ өнімдерін (ет, балық, құс еті, көкөністер, нан өнімдерін) бөлу үшін, өңделетін тамақ



өнімдеріне сәйкес (пышақтар, тақтайшалар) мақсатына қарай әріптік бөліп таңбаланған. Жұмыртқа арнайы бөлінген орында таңбаланған сыйымдылықтарда өңделеді. Таза жұмыртқа таза таңбаланған ыдыстарға салынады. Жұмыртқаларды пайдалану алдында жұмыртқаны тамақ өнімдерін өндіруде қолдануға рұқсат етілген жуу құралдарының жылы ерітіндісіне салып, кейіннен салқын ағынды сумен шаяды.

Тәуліктік сынама сақталатын арнайы тоңазытқыш қарастырылған. Өндірістік үй жайда тез бұзылатын азық-түлік және тағам өнімдерін сақтауға 1-тоңазытқыш бар 1-мұздатқыш, 1-газ плиталар (4 көзді), 1-қысқа толқынды пеш, қоймада өнімдерді қоятын стеллаждар жеңіл жуылатын пластмассадан, темірден жасалған сөрелермен, ағаштан жасалып сырланған жәшіктермен, тауар қойғыштармен жеткілікті қамтамасыз етілген. Азық-түлік шикі заты мен дайын тамақ өнімдері үшін бөлек технологиялық және тоңазытқыш жабдығы, өндірістік үстелдер, әріптік таңбалануы қойылып, бөлшектеу мүкәммалдары таңбаланып, көп айналымағы ас-үй ыдыстарымен жеткілікті қамтамасыз етілген. Тоңазытқыш пен азық-түлік сақтайтын қойманың қабырғалары сырланған, едені кафельденген, қол жууға салқын және ыстық су араластырғышы бар 1-раковина орнатылған. Асхананың барлық үй жайларындағы жарық беру аспаптары, терезелер мен ойықтардың әйнектелген беттері, тамақтану жабдықтары, ыдыстары, мүкәммалдары жаңадан алынған, жарамды күйде. Барлық үй жайлардың төбелері, қабырғалары мен едендері ақаусыз, зең басудан зақымдану белгілері жоқ. Барлық ашылатын ойықтар беті жәндіктердің кіруін болдырмайтын, жуылатын қорғаныш торлармен жабдықталынған. Асханада жабдықты орналастыру мен оның жұмысы технологиялық процестердің бірізділігі мен ағымдылығын, шикі және пайдалануға дайын тамақ өнімдердің жанасу мүмкіндігін болдырмай, қызмет көрсетуге, жууға, дезинфекциялауға еркін қол жеткізу мүмкіндігін сақтай отырып қамтамасыз етілген. Асхана өндірістік үй жайларында тамақ өнімдерінің ластану қаупін болдырмайтын салқын және ыстық сумен жабдықтау, суды бұру, жылумен жабдықтау, жарықтану, желдету және ауа баптау жүйелерінің жарамды жай-күйі қамтамасыз етілген. Асхананың өндірістік үй жайында механикалық түрде іске қосылатын желдету жүйесі көзделген. Жылу және ылғал бөлу көздері болып табылатын жабдықтың (газ пештердің) үстінде сыртқа тарту шатырлары орнатылған. Асхананың өндірістік үй жайында ыдыстары жууға арналған орында үш секциялы жуу ваннасы орнатылған. Асхана ыдыс - аяқтарды сақтайтын арнайы екі шкаф бар. Азық-түлік шикізатын сақтайтын тоңазытқыш камералары термометрмен қамтамасыз етілген. Персоналға арналған санитариялық - тұрмыстық үй-жайда киім ауыстыруға жағдай жасалған, арнайы киімдер үшін шкафтар орнатылған. Жеке бас гигиенасын сақтау үшін қолжуғыш орнатылған. Қол жууға ыстық және салқын су араластырғышы орнатылған раковинамен, қолды өңдеуге арналған антисептикермен, санитайзермен, дозаторы бар сұйық сабынмен және бір рет қолданылатын сүлгілермен қамтамасыз етілген. Тамақ қалдықтарын салуға арнайы қақпағы бар ыдыстар таңбаланып қамтамасыз етілген, толуына қарай шығарылып отырады. Асханаға сырттан кіретін бөлек кіре беріс есік қарастырылған, қоқысқа арналған жәшік қойылған.

9. Құрылыс салуға бөлінген жер учаскесінің қайта жаңартылатын объектінің сипаттамасы (өлшемдері, ауданы, топырағының түрі, учаскенің бұрын пайдаланылуы, жерасты суларының тұру биіктігі, батпақтану, желдің басымды бағыттары, санитариялық-қорғау аумағының өлшемдері, сумен, канализациямен, жылумен қамтамасыз ету мүмкіндігі және қоршаған орта мен халық денсаулығына тигізер әсері, дүние тараптары бойынша бағыты) (Характеристика земельного участка под строительство, объекта реконструкции; размеры, площади, вид грунта, использование участка в прошлом, высота стояния грунтовых вод, наличие заболоченности, господствующие направления ветров, размеры санитарно-защитной зоны, возможность водоснабжения, канализования, теплоснабжения и влияния на окружающую среду и здоровью населения, ориентация по сторонам света:)

10. Зертханалық және зертханалық-аспаптық зерттеулер мен сынақтардың хаттамалары, сонымен қатар басжоспардың, сызбалардың, суреттердің көшірмелері (Протоколы лабораторных и лабораторно-инструментальных исследований и испытаний, а также выкопировки из генеральных планов, чертежей, фото) [ҚР ДСМ СЭБК "Ұлттық сараптама орталығы" ШЖК РМК Жетісу облысы бойынша филиалының 26.12.2025 жылғы №1250002195698623 санитариялық – паразитологиялық зерттеу хаттамасы, ҚР ДСМ СЭБК "Ұлттық сараптама орталығы" ШЖК РМК Түркістан облысы бойынша филиалының Арыс қалалық бөлімшесі зертханалық зерттеулер жүргізген. Метеорологиялық факторларды өлшеу хаттамасы №2498/3500-3517 күні 11.12.2025ж., Орталықтандырылған және орталықтандырылмаған сумен жабдықтаудың ауыз су үлгілерін зерттеу хаттамалары №2502/537 күні 15.12.2025ж., №2502/536 күні 15.12.2025ж., №2502/535 күні 15.12.2025ж., Суды микробиологиялық зерттеу хаттамалары №9 күні 15.12.2025ж., №501 күні 13.12.2025ж., №500 күні 13.12.2025ж., Электромагниттік өрісті өлшеу хаттамасы №2501/1663 күні 11.12.2025ж., Шу, дыбыс деңгейлерінің оқшаулануын өлшеу хаттамасы №2500/203-204 күні 11.12.2025 ж., Жарықты өлшеу хаттамасы №2499/1927-1942 күні 11.12.2025ж.](#)

11. ИСК-мен жұмыс істеуге рұқсат етіледі (разрешаются работы с ИИИ)



ИСК түрі және сипаттамасы (вид и характеристика ИИИ)	Жұмыстар түрі және сипаттамасы (Вид и характер работ)	Жұмыстар жүргізу орны (Место проведения работ)	Шектеу жағдайлары (Ограничительные условия)
1	2	3	4
I. Ашық ИСК-мен жұмыстар (работы с открытыми ИИИ)	-	-	-
II. Жабық ИСК-мен жұмыстар (Работы с закрытыми ИИИ)	-	-	-
III. Сәуле өндіретін құрылғылармен жұмыстар (Работы с устройствами, генерирующими излучение)	-	-	-
IV. ИСК-мен басқа жұмыстар (другие работы с ИИИ)	-	-	-

Санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды Санитарно-эпидемиологическое заключение

Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Жемісті ауыл округі, Жемісті елді мекені, Т.Төлендіұлы көшесі №138 құр мекен – жайда орналасқан ЖШС «Күмісай Тасболатова» атындағы зияткерлік білім беру мектебі» қосымша ғимараты

(2020 жылғы 07 шілдедегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодекстың 20-бабына сәйкес санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізілетін объектінің толық атауы)

(полное наименование объекта санитарно-эпидемиологической экспертизы, в соответствии со статьей 20 Кодекса Республики Казахстан от 07 июля 2020 года «О здоровье народа и системе здравоохранения»)

(санитариялық-эпидемиологиялық сараптама негізінде) (на основании санитарно-эпидемиологической экспертизы)

"Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы № ҚР ДСМ-16 бұйрығы; "Әкімшілік және тұрғын ғимараттарға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 16 маусымдағы № ҚР ДСМ-52 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5-тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар», Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 20 ақпандағы №26 бұйрығы «Су көздеріне, шаруашылық-ауыз су мақсаты үшін су жинау орындарына, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға және суды мәдени-тұрмыстық пайдалану орындарына және субъектілерінің қауіпсіздігіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар», Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 16 ақпандағы № ҚР ДСМ-15 бұйрығымен бекітілген «Адамға әсер ететін физикалық факторлардың гигиеналық нормативтерін бекіту туралы» санитариялық қағидалары, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-331/2020 бұйрығы. «Өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинауға, пайдалануға, қолдануға, залалсыздандыруға, тасымалдауға, сақтауға және көмуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы бұйрығының талаптарына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2021 жылғы 6 тамыздағы № ҚР ДСМ-79 "Адамға әсер ететін физикалық факторлар көздерімен жұмыс істеу жағдайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы бұйрығына сай.

Санитариялық қағидалар мен гигиеналық нормативтерге (санитарным правилам и гигиеническим нормативам) сай (соответствует)

сай (соответствует)

Ұсыныстар (Предложения):



2020 жылғы 07 шілдедегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодекстың негізінде осы санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының міндетті күші бар.
На основании Кодекса Республики Казахстан от 07 июля 2020 года «О здоровье народа и системе здравоохранения» настоящее санитарно-эпидемиологическое заключение имеет обязательную силу

«Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Түркістан облысы санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің Сарыағаш аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесі ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ, САРЫАҒАШ АУДАНЫ, көшесі С.Ысмайлов, № 53 үй (Мемлекеттік санитариялық бас дәрігер, қолы (орынбасар))

Республиканское государственное учреждение «Сарыағашское районное Управление санитарно-эпидемиологического контроля Департамента санитарно-эпидемиологического контроля Туркестанской области Комитета санитарно-эпидемиологического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан»

ТУРКЕСТАНСКАЯ ОБЛАСТЬ, САРЫАҒАШ СКИЙ РАЙОН, улица С.Исмайлов, дом № 53 (Главный государственный санитарный врач (заместитель))

Тултаев Нуркат Васильевич

тегі, аты, әкесінің аты, қолы (фамилия, имя, отчество, подпись)



